

**№4 Хромтау орта мектебінің әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларына
тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты 2025–2026 оқу жылының II
тоқсанындағы тамақтанудың сапасына жүргізілген мониторинг жұмыстарының
АНЫҚТАМАСЫ**

Күні: 11.12.2025

2025–2026 оқу жылының II тоқсанында №4 Хромтау орта мектебінде 1-4 класс оқушыларды мен әлеуметтік қорғалмаған санаттағы білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамту сапасына жүйелі түрде мониторинг жүргізілді. Мониторинг жұмыстары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне, санитарлық талаптарға, мектептің жылдық жұмыс жоспарына және жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры есебінен тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылды.

Мониторингтің мақсаты:

1-4 класс оқушылардың және әлеуметтік қорғалмаған білім алушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету, ас мәзірінің талаптарға сәйкестігін бақылау, тамақ өнімдерінің сапасын, дайын тағамдардың құнарлылығын және асхананың санитарлық жағдайын бағалау.

Мониторинг міндеттері:

- білім алушылардың тегін ыстық тамақпен толық қамтылуын бақылау;
- ас мәзірінің бекітілген нормаларға сәйкестігін тексеру;
- дайын тағамдардың сапасы мен температуралық режимін анықтау;
- асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау;
- тамақтандыру барысында қауіпсіздік талаптарының сақталуын қадағалау;
- ата-аналар мен білім алушылардың ұсыныс-пікірлерін талдау.

Мониторинг жұмыстары бракераж комиссиясының мүшелері өкілдерінің қатысуымен жүргізілді. II тоқсан барысында асхана жұмысына жоспарлы және жоспардан тыс бақылаулар ұйымдастырылды.

Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы білім алушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы:

II тоқсанда мектепте 713 1-4 класс оқушылары мен әлеуметтік қорғалмаған санатқа жататын білім алушылар толық есепке алынып, олардың 14 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды, 9 оқушы ыстық тамақтан бас тартты. Тамақтану күнделікті бекітілген кесте бойынша жүргізілді. Асхана қызметкерлері білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақ беру уақытын сақтады. Оқушылар асханаға кезекпен кіріп, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып тамақтанды.

Ас мәзірінің сапасына жүргізілген мониторинг:

Ас мәзірі мектеп директоры бекіткен және санитарлық талаптарға сәйкес құрастырылған. Апталық мәзірде бірінші және екінші тағамдар, гарнирлер, салаттар, сүт өнімдері, жеміс-жидектер және сусындар қарастырылған. Мониторинг барысында мәзірдің калориялығы мен тағамдық құндылығы жас нормаларына сай екені анықталды. Тағамдардың әртүрлілігі сақталып, бірсарынды мәзірге жол берілмеді.

Дайын тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігі:

Бракераж комиссиясы күнделікті дайын тағамдардың сапасын тексеріп отырды. Тағамдардың дәмі, иісі, сыртқы түрі және температуралық режимі санитарлық талаптарға сәйкес болды. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары және тасымалдау ережелері тұрақты бақылауда болды. Мониторинг нәтижесінде сапасыз немесе жарамсыз өнімдер анықталған жоқ.

Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы:

Асхана бөлмелері тұрақты түрде тазаланып, желдетіліп отырды. Ыдыстар арнайы жуғыш және дезинфекциялық құралдармен өңделді. Қызметкерлердің жеке гигиенасы, арнайы киім киюі және медициналық тексерістен уақытылы өтуі қадағаланды. Мониторинг барысында асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды.

Қауіпсіздік талаптарының сақталуы:

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында асханадағы қозғалыс тәртібі ұйымдастырылды. Ыстық тағамдарды беру кезінде қауіпсіздік шаралары сақталды. Асхана кезекшілігі мектеп әкімшілігі тарапынан тұрақты жүргізіліп отырды.

Ата-аналар мен білім алушылардың пікірлері:

Мониторинг барысында білім алушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде ата-аналардың басым бөлігі тамақ сапасына қанағаттанатынын білдірді. Кейбір ұсыныстар тағам түрлерін көбейту және жеміс-жидектердің жиілігін арттыру туралы болды. Бұл ұсыныстар алдағы мәзірді жоспарлау кезінде ескерілетін болады.


Қорытынды:

2025–2026 оқу жылының ІІ тоқсанында №4 Хромтау орта мектебінде 1-4 класс оқушылар мен әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылған. Тамақ сапасы, ас мәзірінің құрамы, санитарлық-гигиеналық жағдай және қауіпсіздік талаптары жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде. Мониторинг нәтижесінде өрескел заңбұзушылықтар немесе қауіп төндіретін жағдайлар анықталған жоқ.

Ұсыныстар:

1. Ас мәзіріндегі дәруменге бай тағам түрлерін көбейту.
2. Жеміс-жидек пен сүт өнімдерін беру жиілігін арттыру.
3. Асхана қызметкерлеріне санитарлық талаптар бойынша тұрақты нұсқаулық өткізу.
4. Тамақ сапасына ата-аналар бақылауын кезең-кезеңімен ұйымдастыру.
5. Бракераж комиссиясының бақылауын тұрақты жалғастыру.

Тексеру жүргізген комиссия құрамы:

1. ДТІЖО: Утешова А.К. 
2. АШЖО: Какимова А.Д. 
3. Медбике: Бисекеева Г.М. 
4. Ата-аналар комитетінің мүшесі: Бегимбаева Қ.А. 
5. Камкоршылық кенесінің мүшесі: Сорока И.А. 
6. Әлеуметтік педагог: Балмұқаш А.Ш. 